

Ноғайбаева Д.Т.¹, Акатаева А.А.²

¹тарих ғылымдарының магистрі, лектор, Satbayev University,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: dana_toktar@inbox.ru

²тарих ғылымдарының кандидаты, «Қоғамдық пәндер» кафедрасының меңгерушісі,
Satbayev University, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: akataeva@mail.ru

**ЖАҒАНДАНУ – ТАРИХИ ДАМУДЫҢ КЕЗЕКТІ САТЫСЫ:
ТЕОРИЯЛЫҚ САРАПТАМА**

Мақалада жаһандану тарихи құбылыс және адамзат қоғамы дамуының кезекті сатысы ретінде қарастырылады. Бұл құбылысқа зерттеушілер тарапынан берілген «вестернизация», «либерализация», «неомодернизация», «неоколонизация» (жаңа отаршылдық) сипаттарының біржақтылығы көрсетілген.

Бүгінгі күні көрініс алып отырған «діндер соғысы», «өркениеттер қақтығысы» шындығында үйлесімділік орнату әрекеті ретінде қарастырылады. Үйлесімділік орнату қайшылықтарға толы үдерістер жағдайында іске асуда. Мақалада көрсетілген жаһандану кезеңіндегі үлкен қайшылықтардың бірі – әлеуметтік мәселе. Егер бұрынғы тарихи кезеңдерде әлеуметтік қайшылық мемлекет ішіндегі құбылыс ретінде ғана көрінсе, бүгінгі күні ол ғаламдық ауқымға ие: діни экстремизмнің шығу себептерінің бірі әлемдік көлемдегі әлеуметтік наразылық екені көрсетілген.

Сонымен бірге мақалада «жаһандану» ұғымының қалыптасу тарихы мен ғалымдардың осы құбылысқа қатысты тұжырымдамалары қарастырылды: бірқатар ғалымдар жаһанданудың экономикалық жағына басым көңіл бөлсе, екіншілері оның әлеуметтік-саяси жақтарына (батыс өмір салтының, мәдениетінің және ойлау үлгісінің, саясатының ықпалы) назар аударады. Өзінің барлық жағымсыз факторларына қарамастан жаһандану прогрессивті құбылыс ретінде қарастырылып, болашақтағы әлемдік мәселелердің жаһандану жетістіктері көмегімен шешілетіні, адамзат саналы түрде өзара байланыстылықтың бар екенін түсініп, ғаламдық қоғамның бірлігін сезінген жағдайда ғана ортақ ымыраға келетіні туралы болжам жасалған.

Түйін сөздер: жаһандану, вестернизация, модернизация, либерализация, интеграция.

Nogaybaeva D.T.¹, Akataeva A.A.²

¹Master of History, lecturer. Satbayev University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: dana_toktar@inbox.ru

²Candidate of Historical Sciences, Head of the Department of Public Disciplines,
Satbayev University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: akataeva@mail.ru

**The oretical analysis of globalization as the next stage
of historical development**

This article presents globalization as a historical phenomenon and the next stage of social development. The question of one-sidedness of the description of this phenomenon by researchers is raised: for instance, «westernization», «liberalization», «neo-modernization», «neo-colonization» .

In modern times the global clash of interests was called «religious wars», «clash of civilization». In fact, we see an attempt to solve the problem of harmonization in the world order, the process of which is taking place against the background of contradictory phenomena. One of the contradictions of the globalization era described in this article is social problems. If in the previous historical stages social contradictions were put in a number of domestic problems, today they are manifested on a planetary scale. For example, one of the causes of religious extremism can be regarded as a manifestation of social protest of a global nature.

The article also discusses the history of the formation of the «globalization» concept, opinion of scientists in the interpretation of this concept: a number of researchers pay attention to the economic component, others to the social-political aspects (influence of the western way of life, culture, world view and politics) of this phenomenon. In conclusion, despite a number of negative factors the globalization is defined as a more progressive stage of historical development. In future the global problems could be resolved through the achievements of globalization which requires awareness of the interdependence and interconnectedness of all mankind.

Key words: globalization, westernization, modernization, liberalization, integration.

Ногайбаева Д.Т.¹, Акатаева А.А.²

¹магистр истории, лектор, Satbayev University, Казахстан, г. Алматы, e-mail: dana_toktar@inbox.ru

²кандидат исторических наук, заведующий кафедрой «Общественных дисциплин», Satbayev University, Казахстан, г. Алматы, e-mail: akatayeva@mail.ru

Теоретический анализ глобализации как очередного этапа исторического развития

В статье рассматривается глобализация как историческое явление и очередной этап общественного развития. Поднимается вопрос односторонности описания данного явления исследователями: например, «вестернизация», «либерализация», «неомодернизация», «неоколонизация».

В современное время глобальное столкновение интересов получила названия «религиозные войны», «столкновение цивилизации». На самом деле мы видим попытку решения проблемы гармонизации в мировом порядке, процесс которого происходит на фоне противоречивых явлений. Одно из противоречий эпохи глобализации, описанное в данной статье, – социальные проблемы. Если в предыдущих исторических этапах социальные противоречия ставились в ряд внутригосударственных проблем, сегодня они проявляются в планетарном масштабе. Например, одну из причин религиозного экстремизма можно расценивать как проявление социального протеста глобального характера. В статье также рассматривается история формирования понятия «глобализация», мнения ученых при толковании данного понятия: ряд исследователей обращают внимание на экономическое составляющее, другие – на социально-политические стороны (влияние западного образа жизни, культуры, мировоззрения и политики) данного явления. В заключении, несмотря на ряд негативных факторов, глобализация определяется как более прогрессивная ступень исторического развития. В будущем глобальные проблемы могут быть разрешены с помощью достижений глобализации, для этого требуется осознание взаимозависимости и взаимосвязанности всего человечества.

Ключевые слова: глобализация, вестернизация, модернизация, либерализация, интеграция.

Кіріспе

Адамзат қоғамының тарихи дамуы әр кезеңде әртүрлі құбылыстарға қатысты түрлі пікірлер мен көзқарастар, идеялар мен оған қарсы күштермен бірге жасасып, қаншалықты қайшылықты өткелдерден өте отырып, алғашқы қауымдық құрылыстан бүгінгі ғылыми-техникалық прогресс ғасырына жетіп отыр. Бүгінгі әлемдік қоғам қайшылықтарға толы. Олардың негізгі себебі жаһандану құбылысымен тікелей байланысты. Оның жағымды-жағымсыз әсерлері барынша кеңінен талқыланып, қазіргі кезде әлемдік дамудың мәндік сипаттамасына айналғаны белгілі. Бұл мәселе 1990 жылдардың екінші жартысынан бастап кең талқылана бастады. Осы тақырыпта көптеген конференциялар мен халықаралық кездесулер өтіп, көлемді еңбектер жазылды. Қазіргі ақпараттық қоғам жүйесінің ерекше дамуы, телекоммуникацияның, инфрақұрылымдар мен интернет және компьютерлік жүйенің кең құлаш жаюы, ғылыми прогрестің адымдап алға кетуі адамзат баласының алдына жаңа әлемдік даму стратегиясын жасау қажеттігін көлденең тартты.

Дүниежүзіндегі қоғамдық дамудың қарама-қайшылықтары, адам баласының қоршаған ортаға әсер ету көлемінің шұғыл өсуі, елдер мен аймақтардың ғылыми-техникалық және

әлеуметтік-экономикалық дамуындағы әркелкілік бүгінгі күннің ғаламдық мәселелерін дүниеге әкелді.

Әлемдік тәртіп үшін бәсекелеске түскен қырғи-қабақ соғыс күндері артта қалған соң ғаламдық дағдарыс қатерін сезген әлемдік қауымдастық өзара ортақ проблемалардың шешімін табу мақсатында бас қосты. 1990 жылдардың басында ғаламдық мәселелерді талқылау үшін 200-ге жуық мемлекет өкілдері Рио де-Жанейро қаласында жиналды. Бұл бұрын-соңды болмаған жағдай шын мәнінде жаһандануды адамзатты біріктіруші құбылыс ретінде көрсетті. Алайда оның екінші және үшінші елдер үшін экономикалық, саяси және мәдени кері әсерлері антиглобалистік қозғалыс тудырды. Ең алғаш рет жаһандану процесінің белгілеріне қарсы шығу 1980 жылдары кәсіпкерлер арасында кездесті. (Мысалы, Францияда, одан кейін бүкіл Батыс Еуропада Макдональдс дүкендер тізбегіне қарсы бас көтерулер). Сонымен бірге антиглобалистік концепцияның қалыптасуына атақты мамандардың (Лоуренс К., Кастельс М.) беделді зерттеу жұмыстары әсер етті. Олар неоллибералды жаһандануға қарсы дәйекті фактілер келтірді.

Қос полярлы әлем ыдырағаннан кейінгі геосаяси ахуалдың өзгеруі жер шарының барлық аймақтарында сезілді. Әлемдегі бірқатар мем-

лекеттер үшін жаңа кезең басталды. Жаһандану процесінен туындайтын жағымды және жағымсыз құбылыстар мемлекеттің дамуына қалай әсер етпек? Ұлттық мемлекеттікті сақтау мүмкін бе? Жаһандану Батыс әлемінің қалған әлемге ұсынып отырған өмір сүру үлгісі ме, әлде заңды құбылыс па? Осындай мәселелер барлық қоғамтанушы, тарихшы, саясаттанушылар алдында көлденең тұр. Жаһандану құбылысының тарихи мәнін анықтау қазіргі ғылымның өзекті мәселелерінің бірі.

Әдістемелік бөлім

Мақаланың негізгі тұжырымын жасау барысында жүйелік талдау және салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Жаһандануды сипаттауға қатысты пайдаланылып жүрген «вестернизация», «модернизация», «либерализация», «интеграция» ұғымдарының біржақтылығы ғылыми-объективизм принциптерімен сараланды. «Жаһандану» ұғымына қатысты қазақстандық және шетелдік авторлардың теориялық тұжырымдамалары мен қағидалары негізге алынып, тарихи кезеңнің объективті заңдылықтарына баға берілді.

Жұмыстың негізі бөлімі

Қазіргі кезде халықаралық қатынастардың ықпалы жеке мемлекеттердің ғана емес, бүкіл адамзаттың дамуына әсер етуде. Бұл экономикамен бірге саяси, әлеуметтік, рухани салаларда терең өзгерістер енгізген жаңа кезеңнің ерекшеліктеріне байланысты. Қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан кейінгі жаһанданудың саясаттағы, экономика мен мәдениет және қоғамдағы белгілері барлық ғылым салаларының назарында болып отыр.

Осы өзгерістер ағымы адамзат қоғамындағы мәңгілік бейбітшілік пен бірлікті аңсаған ғұламалардың айтқандарын еріксіз еске салады. Мәселен, Махатма Ганди: «Менің түсінігімдегі ұлтжандылық – бұл менің елімнің еркіндікке қол жеткізуі, алайда қажет болған жағдайда бүкіл адамзаттың өмірі үшін менің елім өз өмірін қиюы керек», деген (Горев, 1989: 3). Махатма Ганди өте алыс болашақта болса да жер шарында бір-бірімен қырқысқан мемлекеттерді емес, өзара достық және ынтымақтастық қарым-қатынастағы мемлекеттер мен халықтардың әлемдік федерациясын көруді армандаған. Оның ойынша, әлемдік мемлекеттердің мақсаты оқшау тәуелсіздік емес, ерікті түрдегі өзара байланыс,

олардың жер шарындағы түрлі халықтардың ұлттық мәдениеттерімен нәрленген бүкіл өркениет үшін достығы және ынтымақтастығы.

XX ғасырдағы тарихи оқиғалар мен әлеуметтік және саяси қайшылықтар көлемі қоғамдық санада жауапты күш ретінде адамзат қоғамының бірлігі идеясын тудырды. Осы идеялар қаншалықты арманшыл болса да, бүгінгі жаһандану кезеңінен көрініс тапқандай. Дегенмен, жұмыстың өзегі болып отырған жаһандану құбылысының қайшылықтары ғалымдар арасында түрлі пікірлер қалыптастырды.

Бірқатар авторлар жаһандану кезеңіндегі ұлттық мәдениет және дін мәселесіне байланысты Батыс пен Шығыстың қатынасына антогонистік сипат береді. Бірақ, шын мәнінде діндер соғысы емес, үйлесімділік орнату әрекеттері жүріп жатыр. Іс жүзінде бұл әлеуметтік сипаттағы күрес. Әлем қарқынды даму үстінде және барлық халықтар жер шары көлеміндегі әлеуметтік даму деңгейін болжай алады. Осыған байланысты әлемдік капиталдың көпшілік үлесі дамыған елдердің қолында, есесіне әлемнің көпшілік бөлігінің материалдық үлесі салыстырмалы түрде өте аз. Үлкен капитал иелерінің жақын арада айтарлықтай гуманизациялану белгісі білінбейді, сондықтан өздерін «жапа шегуші жақ» деп есептейтіндер қарсылық көрсетуде. Кейде бұл қарсылық өте қатаң формаға ие болып жүр. Осы тұрғыда мәселе сырттай қарағанда Батыс пен Шығыстың қарсыласуы формасында көрінгенімен, көбіне мұның негізгі себебі – әлеуметтік фактор. 2001 жылдан бастап Бүкіләлемдік әлеуметтік форум өткізіліп жүр. Оның қатысушылары жаһанданудың еуроамерикалық либералды үлгісін мойындамайды. Олардың негізгі мақсаты – әлемдік капиталдың әділетті бөлінуіне қол жеткізу. Соңғы жылдары адамдарды осындай форумдарға біріктіруші – Интернет тез жұмылдырушы құралдың негізгі түріне айналды (Sheffield, 2013: 70-74).

Аталған жағдайлар жаһанданудың қайшылыққа толы құбылыс екенін көрсетеді. Олар түбінде өз шешімін табу керек. Мұны іске асыру үшін сана-сезім жаһандануы, яғни барлығымыздың өзара байланыстығымызды түсіну қажет. Осыған байланысты О. Сүлейменовтің нақты анықтаған тезисі бар. Ол бойынша, біз тәуелсіздік дәуіріне аяқ бастық, бұдан кейінгі қадам саналы түрде өзара байланыстылықтың бар екенін түсіну және адамзат қоғамының бірлігін сезіну болып табылады. Шынында да, бұл әлемдік тарих дамуының тенденциясы және адамзат осы бағытпен келеді.

Жаһандану – бұл өзара байланысты ортақ планеталық жағдай. Ол түбінде біз өмір сүріп отырған планетамыздың үлкен емес және оның қорларының шектеулі екенін түсінуден тұратын ғаламдық сана-сезімді қалыптастырып, адамзат алдында мұхиттар мен ғарышты игеру міндеттері тұрғанын анықтауы керек. Осы ірі критерийлерді түсіну арқылы адамзат аймақтық дәрежедегі қақтығыстарды тоқтатуға мәжбүр болады. Осындай үйлесімді ғаламдасу ұлттық мәдениетті жоққа шығармайды. Осыған байланысты ешкім де ұлттық және рухани мәдениетті жойылады деп айта алмайды. Ұлттық және рухани мәдениет әрқашан да әлемдік тарихи процестің құрамдас бөлігі болып, оның құрамындағы субъектісі рөлін атқарған. Адамзат қоғамы дамуының жаңа кезеңінде де олар ысырылып тасталмайды.

Бірақ, бүгінгі күнгі жаһандану атауына ие болған әлемдік жағдай адамзатты біріктіруші сипатымен бірге өз бойында көптеген жағымсыз факторларды жинақтаған. ХХІ ғасырда адамзат қоғамына осы жағымсыз әсерлермен күресуге тура келеді.

«Жаһандану» терминінің тарихынан

Жаһандану мәселесін ең алғаш рет американдықтар көтерді. Термин Т. Левиттің 1983 жылы «Гарвард бизнес ревьюде» жариялаған мақаласынан шықты. Автор бұл сөзбен ірі ұлттаралық корпорациялар өндіретін жеке өнімдер нарығының бірігу құбылысын анықтады. Гарвардтың бизнес мектебінің кеңесшісі жапондық К. Омэ 1990 жылы «Шексіз әлем» кітабын шығарып, терминге кеңірек мазмұн берді. «Ендігі кезде әлемдік экономика Еуро Одақ, АҚШ, Жапония «триадасының» өзара байланысымен анықталады, жеке мемлекеттердегі экономиканың сипаты әлсірейді, ал әлемдік экономикалық байланыстарда «ғаламдық фирмалар» басым рольге ие болады», – деп тұжырымдады (Кузнецов, 1998: 13-14). Бұл тұжырыммен барлығы келіспесе де, Омэнің ұстанымы жаһандануға қатысты кез келген пікірталастың өзегіне айналды.

Жаһандануға қатысты әлеуметтік ғылымдардың әрқайсысы жаһандану ерекшеліктерінің өз салаларына қатысты мәселелерін қарастырады. Мәселен, В.И. Кузнецовтың айтуынша, экономика ғылымы жаһанданудың бес бағытын анықтаған: қаржы жаһандануы, халықаралық корпорациялардың қалыптасуы, экономиканың аймақтануы, әлемдік сауда қарқынының өсуі

мен конвергенциялық тенденция (Кузнецов, 1998: 13-14). Географтар жаһанданудың екі түрлі құбылысын анықтады: біріншіден, орталықтандыру мен аймақтық экономикалық мүддені біріктіру мүмкіндігіне ие бола алатын бақылау және басқару жүйесі «глокализация»; екіншіден, «экономикалық архипелагтар», соның ішінде ірі қала-мегаполистер ассоциациясын құру. Әлеуметтанушылар түрлі мемлекеттер мен аймақтық халықтардың өмір сүру үлгілерінің бір-біріне жақындасуы фактілерін, мәдениеттің әмбебаптануы мен гибридизациясын қарастырады. Халықаралық қатынастар ғылымы әлемнің қос полярлы құрылымының ыдырауы, «қырғи қабақ» соғыстың аяқталуы, ұлттаралық қатынастар мен мемлекеттердің өзара байланысының күшеюі, БҰҰ және, басқа да халықаралық ұйымдардың көмегімен қазіргі тәртіптің орнауы және тағы да басқа мәселелерді қарастырады. Тарих ғылымы жаһанданудың философияға, әлеуметтануға, мәдениеттануға, экономикаға және саясаттануға қатысты барлық мәселелерінің жиынтығын, ең бастысы, жаһандану процесі адамзат тарихында қандай орынға ие, оның салдары қандай болмақ деген мәселелерді көтереді.

Халықаралық саяси ғылымдағы реалистік парадигманың жақтаушылары құбылысты «өркениеттер қақтығысы» ретінде анықтайды (Цыганков, 2003: 212-405). Хантингтонның айтуы бойынша, қазіргі жаңа әлемде халықаралық қақтығыстың басты көзі экономика да, идеология да емес. ХХІ ғасырда адамзатты бөлуші басты шекара – мәдениет. Өркениеттер арасындағы айырмашылықтар халықаралық көлемдегі болашақ қақтығыстардың басты себебі болмақ. Әлемді дәстүрлі түрде капиталистік, социалистік және дамушы, Солтүстік және Оңтүстік, дамыған және артта қалған, бай және кедей деп бөлу ендігі кезде өзектілігін жоғалтпақ. Әлем тек тұрақты ұзақ өркениеттік тарихы бар аймақтарға бөлінетін болады. Олар Батыс, ислам, конфуциандық, индуистік, православие-славяндық, жапондық, латын америкалық және африкалық өркениеттер. Хантингтонның айтуынша, бұрынғы халықаралық жағдайдағы идеологиялық, таптық, блоктық қақтығыстар «сен кімнің жағыңдасың?» деген сұрақпен байланысты болса, бүгінгі күні азаматқа, саясаткерге, ұлтқа, мемлекетке «сен кімсің?» деген мәселе қойылады.

Мұның астарында үлкен саяси мән бар. Егер бұрын адам, қоғам немесе мемлекет күрделі халықаралық саяси жағдайда өзінің

идеологиялық және таптық позициясын ұстана алса, белгілі бір өркениетке кіру мәселесі біздің мындаған жылдар бойындағы тарихымызбен бірге жүреді. Бұл жерде таңдайтын жол жоқ. Адам белгілі бір өркениет құрамында болады немесе өз мәдени бейнесінен айырылады.

Жаһандануды АҚШ бастаған Батыс блогының КСРО-мен «қырғи қабақ» соғыстағы жеңісі және бір ғана державаның қалған әлемге үстемдік етуінің заңды процесі ретінде көрсететін реалистік бағыттағы авторлар да кездеседі (Г. Киссенджер). Ф. Сашвальд бұл құбылысты әлемнің геосаяси қайта құрылуы, соның ішінде одақтар саясатының қайта қаралуы деп анықтайды, бұл жерде белгілі бір геосаяси аймаққа кіру маңызды, бірақ ең басты мәселе емес. Неолибералдар жаһандану процесін «тарихтың соңы» деп қарастырады (Цыганков, 2003: 213). Бұл бағыттың көрнекті қайраткері, белгілі американ философы Френсис Фукуяма 1989 жылы бір журналда өзінің «Тарихтың біткені ме?» деген мақаласын жариялады. Онда сол либерализмнің идеология ретіндегі жеңісі заңды түрде тарихтың аяқталуына әкеп соқты, яғни бүкіл әлем либералды идеология жасаған жоспар бойынша бірыңғай саяси және экономикалық құрылымға көшеді дейді, ал бүкіл ХХ ғасыр 90-жылдарға дейін либерализм, коммунизм мен фашизмнің күрес алаңы болған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін фашизмнің толық күйреуі әлемде екі қарама-қарсы блок либерализм мен социализмді қалдырды. Ақыры соңғысы жеңілді. Алайда, Фукуяма либерализмнің жеңісі әлемдік көлемде бірыңғай емес екенін, тіпті бүкіл континенттер өзінің өмірін либерализм принципімен тұрғызбайтынын түсінеді, дегенмен либералды идеологияның экономикадағы және саясаттағы халықаралық басымдылығы оның басты дәйегі болып отыр.

Неолибералистердің бірі – М. Закер: «Нарықтық экономика, плюралистік демократия, индивидуалды құқық пен адам бостандығы сияқты батыс құндылықтары бүкіл әлемге тарап, жеңіске жетті және мемлекетаралық қатынастар мен халықаралық құқық нормаларында кең етек алды» дейді. Осы бағыттағы Р. Липшутцтың пікірінше, жаһандану мемлекеттердің жеке ұлттық мүдделерінен арылып, «өркениетті мемлекеттер қауымдастығына» өту процесі, ол ұлттық экономикалардың өзара тығыз байланысы, қаржы рыноктарының интернационалдануы, әлемдік экономикадағы ірі ұлтаралық корпорациялар маңызының өсуі, кәсіпорындар мен

фирмалардың ұлттық факторға тәуелсіздігінің негізінде жүзеге аспақ.

Неомарксистер жаһандануды монополистік капитал мен америкалық империализмнің мақсатты стратегиясы ретінде қарастырады. Осы бағыттағы Р. Кокс «жаһандану жоспарының түпкі мақсаты әлемде экономикалық теңсіздік орнату және «перифериялық», «жартылай перифериялық» аймақтар мен мемлекеттерді әлемдік монополиялардың қанауына бағытталған» дейді. «Бұл термин «империализмді» алмастырушы ұғым, әлемдік капитализмнің бүкіл әлемді өзіне бағындыруы мен оны өзінің дамуы үшін пайдалану жоспары жаһанданудың негізгі мазмұны болып табылады» деп тұжырымдайды С.Амин (Цыганков, 2003: 214).

Сонымен, тарихи тұрғыдан алғанда «жаһандану» процесінің маңыздылығын жоғарыда аталған неомарксистер, неолибералистер мен халықаралық саяси экономика ғылымы, әлеуметтанушылардың тұжырымдамалары растайды.

Ғаламдасу процесі «елдердің арасындағы әкімшілік кедергіні азайтып, аймақтық қаржылық нарықтарды ғаламдық деңгейде қауымдастырып, бүкіл адамзаттың іс-әрекетін білдіретін қаржылық-ақпараттық біртұтас кеңістік қалыптастырады», – деп сипаттаушы ресейлік зерттеуші М. Делягиннің пікіріне сілтеме жасай отырып, белгілі қазақстандық ғалым, профессор Ә. Нысанбаев: «десек те, дәл бүгінгі күні ғаламдастырудың дүниежүзі мойындаған концепциясы жоқ. Бұл термин әр елде, әр қоғамда, әр аймақта әртүрлі тұрғыда ұғынылып жүр. Ғаламдастыру процесі, біздің ойымызша, әлі де теориялық тұрғыдан көп талқылауды, көп нақтылауды қажет етеді,» – деді (Нысанбаев, 2001).

Алғашқыда ғаламдасу ең жаңа технология мен қаржы-ақпараттық ресурстардың негізінде біртұтас жалпы әлемдік кеңістікті қалыптастыруды көздесе, уақыт өте келе бірқатар ұлттық экономика мүдделерінің өз шегінен асып кетуі халықаралық сауда көлемінің ұлғаюына байланысты елдердің өзара тәуелдігін арттыруға жағдай жасады. Ол тек қана тауар айырбастау ғана емес, қызмет көрсету, капитал ағымын да кеңінен қамтыды. Анығында ғаламдасудың негізгі белгілерінің бірі – қаржы ресурстарының тым шапшаңдығы. Оның үстіне алдыңғы қатарлы технологиялар бірден транспорт, телекоммуникациялық және басқа да есептесулерді қысқарта отырып, ұлттық нарықтардың ғаламдық интеграциясын

жеңілдетеді. Сонымен бірге, жаһандану еңбек күшінің ауыс-түйісі, капиталдық шекарадан өтуі секілді кедергілерді жеңілдетеді. Жаһандану процесі сонымен қатар қоғамның әлеуметтік-мәдени саласын да қамтып, нәтижеде саяси деңгейге көтеріледі.

«Ғаламдасу дегеніміз – әлеуметтік жүйелердің жаңару, заманымызға бейімделу процесі, ол «күшті мәдениеттер» атынан айтылған жай талап емес. Едәуір дәрежеде оны дүниеге әкелген ішкі факторлар, оның тарихи қажеттілігі де осыдан туындайды», – деген пікірде ғалым Р.Қасымова (Қасымова, 2002: 6).

Оның негізгі бастау алған жері еуроамерикандық әлем екендігі ешкімге құпия емес. Бүгінгі ғаламдасу құндылық бағдарламасының ерекше бір жүйесін білдіреді, оның саяси бағытында демократия, азаматтық қоғам және көлбеу байланыстар орын алса, шаруашылық жүйесі нарықтық сипатқа ие: мәселен, жекеменшік институты, бәсекелестік, жалдамалы еңбек және табыс. «Ғаламдасудың субъектілері – Батыстың дамыған елдері, ал экономикалық тұрғыдан алсақ – Жапония. Бұл жердегі мәселе халықаралық қатынастардың кезекті бір жүйесі ретінде жаңа әлемдік тәртіпті қалыптастыру емес, керісінше, тұтас бір әлемнің құрылымын өмірге әкелу», – деген көзқарас ұстанады әлеуметтанушы А.Т. Забировва.

Кейінгі уақыттарға дейін (яғни, өткен ғасырдың 90-жылдарының басында ғаламдасуға қарсы жаппай қозғалыстар өрістегенше) саяси зерттеулер жүйесінде ғаламдасу түсінігі негізінен идеология мен саясаттағы үстем неолибералдық ағымға сүйеніп дамыды. «Жалпы жаһандану процесінің тұжырымдамаларының ішінде ең кең тарағаны неолибералдық ағым, ол бойынша бүкіләлемдік процес ретінде жаһанданудың болмай қоймайтыны ақиқат, ол әсіресе халықаралық қатынастардың жеке субъектісі – ұлттық-мемлекеттік құрылымдарға қатысты айқын аңғарылады» (Инкарбаев, 2002: 107). Оның белең алған кезеңі ХХ ғасырдың 70-жылдарының соңында отаршылдық жүйе құлап, осы азат етілген елдердің дербес дамуы бұрынғы әлемдік экономикада қалыптасқан ахуалды өзгертуімен анықталады. Германия мен Жапониядағы экономикалық ғажайыптар олардың халықаралық аренадағы жағдайының күшеюіне жағдай жасады, мұнда екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған уақыттан бері АҚШ пен оның одақтастарының өкімі жүретін. Германия мен Жапония секілді бәсекелестердің нығаюы жаңа әлемдік шаруашылықтың нобайын

және соған сай саяси және экономикалық реттеу тетіктерінің жаңаша қарым-қатынасын айқындап берді.

Жаһандану құбылысының жүзден аса әртүрлі анықтамалары бар екен. Оның бір-біріне ұқсас түсініктері болуымен қатар, өзара бірін-бірі жоққа шығарып жататындары да бар екендігін ескерсек, бұл процестің өте күрделі әрі біртекті еместігін аңғару қиын емес. Бірақ олардың бәріне жалпы түрде тән түсінік ғаламдасудың қоғам өмірінің барлық саласында интернационалданудың тым жедел даму қарқынын сипаттайтын әлемдік дамудың жаңа дәуірі екендігі.

Үлкен пікір-таластардың өзегі болып отырған мәселелердің бірі: ғаламдасудың шегі бар ма, ол қоғамның мәдени және саяси жүйесін өзгертуде қаншалықты ықпалды дейтін сауалдар.

«Жаһандану» ұғымын тұжырымдау мәселесі де алуан түрлі идеяларға толы. Жаһандануды белгілі француз саясаттанушысы Ф. Моро Дефарж «халықаралық театр актерлерінің (мемлекет, кәсіпорындар, индивидуумдар, ұйымдар) әрекеттерін бүркемелеуші процесс» деп анықтайды. Осыған жақын позицияны орыс философы А. Неклесса да ұстанады. Оның айтуынша, «жаһандану интернационализация ұғымына қарағанда өзгеше, оны белгілі бір ойын тәртіптерінің унификациясы деп анықтауға болады, ал жаппай ақпараттандыру, экономикалық кеңістіктің айқындығын қамтамасыз ету, әлемдік байланыс жүйесін қалыптастыру және т.б. Экономикада ең бірінші қаржы саласын қамтиды» деген.

Дж. Розенау «жаһандану» (глобализация) мен оған жақын «глобализм», «универсализм» және «күрделі өзара байланыс» ұғымдарының арасында айырмашылық бар екенін айтады. Оның пікірінше, «жаһандану» көрсетілген ұғымдармен салыстырғанда арнасы кеңірек. Ол құндылықтар мен құрылымдарға емес, адамдардың санасы мен іс-әрекетінде туындайтын процестер және қарым-қатынасқа, индивидтер мен ұйымдардың күнделікті іс-әрекеті мен алға қойған мақсатына жету барысында туындаған байланыс қажеттілігіне жүгінеді. Жаһандану процесі ешбір территориялық немесе құқықтық шектеуге бағынбауымен ерекшеленеді. Ол кез келген мемлекеттік шекараларды бұзып, әлемнің кез келген жеріндегі әлеуметтік қоғамдарға әсер ете алады. Кез келген шексіз мүмкіндігі бар қоғамдық қарым-қатынастар жиынтығы ұлттық

шекаралардан оңай өтеді. Қарым-қатынастар жиынтығы таралуын қаржының, мүдделер мен сауда нарығының жетіспеуі шектеуі мүмкін. Ең бастысы, теория тұрғысында мұндай ықпал әлемнің кез келген нүктесіне жетіп, кез-келген қаржы және нарықтық мүдделерді іске асыруға мүмкіндігі бар. Осыған жақын пікірлерді көптеген авторлар қолдайды.

Француз тілді әдебиеттерде «жаһандану» түсінігіне жақын ұғым ретінде «мондиализация» (monde – әлем сөзінен) термині қолданылады. Бірқатар саясаттанушылар екеуін де бір ұғым ретінде «глобализацияны» «мондиализацияның» англосаксондық баламасы деп қарастырады. Екіншілері «глобализация» ұғымын әлемдегі өзгерістердің экономикалық саласымен байланыстырса, «мондиализацияны» тұтыну, мәдениет салаларында және күнделікті өмірде біртектіліктің таралуымен байланыстырады.

Әлемдік банк сарапшылары экономикалық факторлар басымдығына жүгіне отырып, тауар және қызмет көрсету салаларындағы мемлекетаралық келісімдер көлемінің өсуі, халықаралық капитал ағымы және технология таралуының кеңеюінен туындаған әлемдік мемлекеттердің өзара экономикалық байланыстарының өсуі жаһанданудың негізгі мазмұны деп анықтайды. А. Вебер мәселені кеңірек қарастырады. Оның ойынша: «жаһандану бүкіл әлемнің жаңа коммуникация және ақпарат технологиялары негізінде ашық қаржы-экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени байланыстарға тартылуы. Бұл адамзат қоғамының бұрынғы даму сатыларымен дайындалған, ендігі кезде жаңа сатыға көтерілген объективті процесс.»

Басқа зерттеушілер құбылыстың әлеуметтік-саяси жақтарын (батыс өмір салтының, мәдениетінің және ойлау үлгісінің ықпалы) немесе субъективті құрамын (батыс елдерінің басқа халықтарға үстемдік жүргізу мүддесі) алға тартады.

Сонымен, халықаралық жаһандану процесіне сараптама жүргізушілердің ойын төмендегідей тұжырымдауға болады:

1. Бүкіл жер шары көлемінде ортақ ережелермен функцияланатын экономикалық жүйенің қалыптасу тенденциясы. Тіпті дамыған мемлекеттер де бұл ережелермен санасады. Олар бұл ережелерді тек сыртқы экономикалық және сыртқы саяси саласында ғана емес, ішкі стратегиясында да ескеруге мәжбүр.

2. Мемлекеттік бақылау мен реттеуге келмейтін мемлекетаралық қаржы және ақпарат алмасуының өсу үрдісі.

3. Мемлекетаралық шекаралар мен мемлекеттің дәстүрлі функцияларының (әсіресе, қауіпсіздік) әлсіреуі.

4. «Ішкі» және «сыртқы» саяси, экономикалық, ақпараттық және басқа да процестердің шекарасының жойылуы.

5. Бүкіл әлемге батыс мәдени үлгісінің таралуы.

6. «Жаһандану» идеологиясының қалыптасуы. Оның негізінде қазіргі халықаралық саяси-экономикалық құбылыстардың заңдылығы, позитивті жақтары, сонымен қатар қоғамдық пікір мен әлеуметтік және саяси күштерді батыстың жетекшілігімен, АҚШ көшбасшылығымен жаңа әлемдік тәртіп орнатуға көндіру жатыр.

Аталған тұжырымдамалар жаһандану құбылысының сыртқы келбетін ғана көрсетеді. Кейінгі жылдары көпшілік зерттеушілер жаһандануды қарама-қарсы процестер – «дифференциация», «аймақтану», «локализация» немесе «бөлшектену» сияқты құбылыстармен қатар жүруде дейді. «Бөлшектену» мен «аймақтану» процестері жаһандануға диалектикалық қарсы ұғымдар ғана емес, сонымен бірге оған параллельді, яғни одан шартты түрде тәуелсіз құбылыстар.

А.Д. Богатуров жаһандануға әлемдік анклавты-конгломеративті үлгіні қарсы қояды. Бұл үлгі бойынша Батыс елдерімен бірге және одан салыстырмалы түрде өмір сүреді. Олардың қоғамдық ерекшеліктері конгломеративті құрылымдық сипатқа ие. Олардың ішінде архаикалық және модернизациялық бастаулар бөлек анклавтар жасай отырып, бір-біріне қауіп төндірмей өмір сүреді. Мұндай үлгіге автор Ресей, Қытай, Үндістан, Жапония және бірқатар басқа батыстық емес мемлекеттерді ендіреді. Осы анклавтар жиынтығы вестернизациялық жаһандану ағымына тежеуші күш бола алады. Жаһандануды әлемдік тарихтағы жаңа пайда болған құбылыс емес деген теорияны қолдаушылар қазіргі өзгерістерді бұрынғы құбылыстардың жалғасы, олар тек басқа қарқын мен өзге формаға ие болғандығын айтады. Жаңа терминнің астарында бұрыннан белгілі өзара байланыс пен бірыңғай әлемдік кеңістіктің құрылу процесі жасырынып жатыр. Мысалы, әлемдік тарихтың түрлі кезеңдерінде оның негізі Рим империясы үстемдігі, географиялық ашылулар нәтижесіндегі отарлық жаулау кезеңдері, ғылыми және технологиялық төңкерістер мен нарықтық қатынастардың таралуы; халықтар мен құрлықтар арасындағы ыңғайлы және тиімді байланыс қатынастардың орнауы (мысалы, Ұлы Жібек жолы) болған.

Financial Times басылымының сарапшысы Мартин Вульф: «Тіпті экономикалық тұрғыдан да жаһандану жаңа құбылыс емес. Қазіргі әлемдік экономика белгілі бір салаларда Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарына қарағанда интеграциялануы әлдеқайда әлсіз. 1914 жыл қарсаңында Британ капиталының экспорты ішкі ұлттық өнімнің 9% құраған, яғни Жапония мен Германияның 80-жылдары капитал экспортымен салыстырғанда екі есе жоғары. 1910 жылдары әлемде бірыңғай ақша жүйесі – алтын айналымы жұмыс жасаған, ал шекаралардан өтуші жұмысшылар саны біздің уақытпен салыстыртырғанда әлдеқайда жоғары» (Цыганков, 2003: 217).

Отандық автор З.А. Мукашев жаһандануды әлемдік тарихтың бір кезеңі деп есептейді. «Глобализм как этап всемирной истории» атты мақаласында: «Жаһандану – объективті сипаттағы процесс. Бұл ұстанымды түсіну үшін «әлемдік тарих» ұғымына мән беріп, тарихты жасаушы түрлі кезеңдерде түрлі тарихи қоғамдардың болғанын ұғыну қажет. Адамзат қоғамының қазіргі кезі өзінің бастауын сонау жануарлар әлемінен көп айырмашылығы жоқ тобырлық кезеңнен алғаны белгілі. Бұдан кейін жанұя, ру, тайпа, өркениет және басқа да қоғамдық түрленулер жүзеге асты. Азаматтық қоғамның тобырдан айырмашылығы индивидтердің әлеуметтік байланыстағы қарым-қатынас ерекшеліктеріне байланысты. Жоғарыда аталған қоғам түрлері – бұл тарихи даму межелері. Тайпа, ру, халықтар мен ұлттар бүгінгі күні өткеннің байлығы. Ал қазір әлемдік тарих кезеңі келді» – деген (Мукашев, 2002: 95-104).

2003 жылы Алматыда басылған «Сындарлы он жыл» атты еңбегінде Н. Назарбаев жаһандануға қатысты мынадай түсінік береді: «Біреулер үшін жаһандану халықтарды одан әрі алшақтата түсетін, сәулетшілері мен инженерлерін өз қаңқасының астында көметін Жаңа Бабыл (Вавилон). Енді біреулер үшін жаһандану қоғамдар мен мемлекеттер қауымдастығының әлеуметтік-мәдени мүдделерін бейнелейтін, сөйтіп барша күштің мүдделерін жинақтауға және елеп ескеруге мүмкіндік беретін әлдеқандай Біртұтас Алаң Теориясы» (Назарбаев, 2003: 238).

Жаһанданудың қарсыластары үшін – бұл дегенің бар болғаны баяғы неокOLONиализм, неовестернизация, неомодернизация (жаңғырту) сияқты ескі құбылыстардың жаңғырған атауы ғана.

Жаһанданушылардың жақтаушылары – бұрын артта қалған өңірлердің ғылыми-техникалық

және әлеуметтік прогресіне тек қана жаһандану ықпал етеді деген тұжырымдарын ұсынады.

Н.Д. Кондратьев пен В.И. Вернадскийдің айтуы бойынша, адамзат ортақ интегралды бірлікке кіреді. Олардың арасында әрдайым байланыс бар. Бұл байланыс әлеуметтік, табиғи және субъектілік негіздердің өзара ықпалдасуынан құрылады: «Адам айналадағы қоршаған ортадан жеке-дара бөлек табиғи объект болып табылмайды» (Мингалева, 2001). Соңғы 150-200 жылда бұл құрылым белгілі тарихи формаға ие болып, әлеуметтік негіз табиғи негізден басым болған. Алайда, кейінгі 20-30 жылда бұл өлшемдер айтарлықтай өзгеріп, әлеуметтік негіз бен табиғи негіз арасындағы қайшылықтар күшейе түсті. Бұл экологиялық дағдарыстардан көрінеді.

Мәселен, Орталық Азиядағы Арал теңізінің жағдайы табиғат пен адам арасындағы проблемалардың бір көрінісі. Кеңестік кезеңнен қалған бұл мәселені шешудің Орталық Азия және әлем үшін маңызды екені белгілі, сондықтан теңізді қалпына келтіру үшін әр тараптан барлық мүмкіндіктер жасалуда. Негізінен, экология мәселесі жаһандану кезеңіндегі өткір проблемалардың бірі қатарында. Әлемдік экологиялық мәселелерді шешу үшін құрылған әлемдік ұйымдардың қатары артуда, мұның өзі адамзаттың тіршілік үшін саналы түрде бірігіп әрекет ету ұмтылысын көрсетеді.

Жұмыстың нәтижелері

Адамзат қоғамының тарихы алғашқы тобырлық күйден қазіргі өркениеттік дәрежеге жетіп отыр. Яғни қоғамның прогрессивті бағытта даму заңдылығы бар. Олай болса, жаһандану процесі өзінің барлық кері әсерлеріне қарамастан, адамзат қоғамының тарихи бір кезеңі ретінде прогрессивті құбылыс болып табылады.

Қазіргі кезде жаһандануды «вестернизация», «либерализация» «неомодернизация» ұғымдарымен теңестіреді. Бұл теңестірулер жаһанданудың тек экономикалық аспектілеріне сүйенеді. Қазіргі Батыс әлемінің экономикалық және саяси күш ретінде қалған әлемнен басым екені белгілі. Сондықтан жаһандану процесінде либерализм идеясының ықпалды болуы – заңды. Ал жаһандану процесінің өзі «вестернизация» немесе «либерализация» идеяларына қарағанда әлдеқайда кең ұғым. Басқаша айтқанда, жаһандану бұл Батыстың қалған әлемге ұсынып отырған өмір сүру үлгісі ғана емес, бүкіл адамзат қоғамының дамуы барысында жетіп отырған тарихи кезең.

Жаһандану құбылысының тарихи кезеңнің келесі сатысы екенін көрсететін факторлар:

– жоғарыда көрсетілген экологиялық мәселелерді шешуде әлем елдерінің бірігуі, осы тұрғыда өзара байланыстылықтың және келісімділік қажеттілігін түсіну;

– жаһандану батыс елдерінің өзге елдерге ықпал етуімен ғана шектелмейді, батыс елдері де өзге мәдениеттің ықпалына түсуде. Ал батыс елдерінің мәдени, саяси, экономикалық ықпалының басымдылығы, олардың қолында

әлем капиталының басым бөлігі болғандықтан. Жаһандану заңдылықтарына сәйкес, «күші басым жақтың» ықпалы да басым болмақ;

– Бүгінгі таңда әлемдегі көпшілік мемлекеттер нарықтық қатынастарға көшіп, демократия құндылықтарын мойындады. Жаһанданудың белгісі ретінде көрініп отырған либерализацияның осы құндылықтары мен заңдылықтарында да қайшылықтар көп. Осы қайшылықтар түптеп келгенде жаһандану кезеңінің жетістіктерімен шешілетін болады.

Әдебиеттер

- Gorev A. (1989). Mahatma Gandhi. Moskva: Международные отношения. С. 3-20.
- Jim Sheffield, AndreyKorotayev, Leonid Grinin. (2013).GLOBALIZATION: Yesterday, Today, and Tomorrow. Litchfield, USA. pp. 70-74.
- Инкарбаев Е.Т. (2002). Понятие глобализации в системе политических исследований. Глобализация и диалог конфессий в странах Центральной Азии. Алматы: Институт философии и политологии МОН РК. С. 107-109.
- Кузнецов В.И. (1998).Что такое глобализация?.Мировая экономика и международные отношения.№2. С.13-14.
- Кушкумбаев С.К. (2002). Центральная Азия на путях интеграции: геополитика, этничность, безопасность. Алматы, 200 с.
- Қасымова Р. (2002). Ғаламдасу: тенденциялар мен перспективалар. Ақиқат. № 6. С. 6-9.
- Мингалеев С. (2001). Научная мысль как планетное явление . <http://vernadsky.lib.ru>. Қаралған күні: 23.04.2019.
- Мукашев З.А. (2002). Глобализм как этап всемирной истории. Глобализация и диалог конфессий в странах Центральной Азии. Алматы: Институт философии и политологии МОН РК. С. 95-104.
- Назарбаев Н.А. (1996). На пороге XXI века. Алматы: Өнер, 288 с.
- Назарбаев Н.Ә. (2003). Сындарлы он жыл. Алматы, 240 б.
- Нысанбаев Ә.Н. (2001). Тағы да ғаламдасу туралы. Қазақ әдебиеті. № 45. 9-қараша.
- Токаев К. (2000). Внешняя политика Казахстана в условиях глобализаций. Алматы, 584 с.
- Цыганков П.А. (2003). Теория международных отношений. Москва, С. 212-405.

References

- Gorev A. (1989). Mahatma Gandhi [Mahatma Gandhi]. Moskva: Mezhdunarodnye otnosheniya.S. 3-20.
- Jim Sheffield, AndreyKorotayev, Leonid Grinin. (2013). GLOBALIZATION: Yesterday, Today, and Tomorrow. Litchfield, USA. pp. 70-74.
- InkarbaevE.T. (2002). Ponyatieglobalizacii v sistemepoliteskihissledovaniy [The concept of globalization in the system of political research]. Globalizacija i dialog konfessii v stranah Central'noj Azii. Almaty: Institut filosofii i politologii MON RK. S.107-109.
- Kuznecov V.I. (1998). Chto takoe globalizacija? [What is globalization] . Mirovaja jekonomika i mezhdunarodnye otnosheniya. N2. –S.13-14.
- Kushkumbaev S.K. (2002). Central'naja Azija na putjah integracii:geopolitika, jetnichnost', bezopasnost' [Central Asia on the paths of integration: geopolitics, ethnicity, security] . Almaty, 200 s.
- Kasymova R. (2002). Galamdasu: tendencijalar men perspektivalar [globalization: trends and perspectives] . Akikat. N6. S. 17-24.
- Mingaleev S. (2001). Nauchnaya myisl kak planetnoe yavlenie [Scientific thought as a planetary phenomenon]. <http://vernadsky.lib.ru>. Date: 23.04.2019.
- Mukashev Z.A. (2002). Globalizm kak jetap vsemirnoj istorii. [Globalization as a stage of world history] .Globalizacija i dialog konfessii v stranah Central'noj Azii. Almaty: Institut filosofii i politologii MON RK. S.95 – 104.
- Nazarbaev N.A. (1996). Na poroge XXI veka[on the Threshold of the 21st Century]. Almaty: Oner,288 s.
- Nazarbaev N.A. (2003). Syndarly on jyl [The Critical Decade].Almaty,240 s.
- Nysanbaev A.N. (2001). Tagy da galamdasuturaly [Once again about globalization] . Kazahadebiety. N45. 9-karasha
- Tokaev K. (2000). Vneshnjaja politika Kazahstana v uslovijah globalizacij [The foreign policy of Kazakhstan in the context of globalization]. Almaty, 584 s.
- Cyganov P.A. (2003). Teorija mezhdunarodnyh otnoshenii [International Relations theory]. Moskva, S.212-405.